

«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ДАМУШЫ ОЙЫНДАР МЕН ОЙЫНШЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Ағымдағы жылдың 18 сәуірінде ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Жамбыл облысында офлайн форматта «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ұлттық дамытушы ойындар мен ойыншықтардың рөлі» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ғылыми зерттеулерді жетілдіру.

Ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен «Балаларды ерте дамыту институты» РММ мамандары, өңірлік Білім басқармаларының мектепке дейінгі білім беру саласына жетекшілік ететін білім басқармаларының жауапты мамандары, ЖОО-ның, облыстық, қалалық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің әдіскерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, әдіскерлері, тәрбиешілері мен педагогтері, ЖОО-ның тыңдаушылары, ТЖКБ-ның білім алушылары, баспалардың өкілдері қатысты. Ғылымим-тәжірибелік конференцияға республиканың 20 облысынан 350-ден астам педагогтер қатысты.

Аталған ғылыми-тәжірибелік конференцияда мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі ғылыми зерттеулерді жетілдіруді және ұлттық құндылықтарды заманауи тәрбиемен ұштастыру жұмыстары ұсынылды.

Қатысушылар 9 тәжірибелік алаңға бөлініп келесі бағыттар бойынша жұмыстарын көрсетті:

- 1.«Ұлттық ойындар мен ойыншықтар арқылы балалардың сөйлеуін дамыту» (Тараз қаласы, №9 бөбекжай-бақшасы);
2. «Ұлттық ойындарды цифрлық ортада қолдану мүмкіндіктері» (Тараз қаласы, №33 «Айсәуле» бөбекжай-бақшасы);
3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын дамытуда тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың маңызы» (Тараз қаласы, №32 «Ботақан» бөбекжай-бақшасы);
4. «Балабақшадағы STEAM технологиясы» (Тараз қаласы, №26 «Нұрай» бөбекжай-бақшасы);
5. «Ұлттық құндылықтарды насихаттау-балабақшадағы тәрбие негізі» («Тараз қаласы, №18 «Еркежан» бөбекжай-бақшасы»);
6. «Ұлттық ойындар арқылы құндылықтар мен мәдениетті насихаттау» (Тараз қаласы, №28 бөбекжай-бақшасы);
7. «Жасыл ел – жасыл балабақша» (Тараз қаласы, «Аю» жекеменшік бөбекжай-бақшасы);
8. «Ұлттық ойындардың бала дамуына әсері» (Жамбыл ауданы, «Нұршуақ» бөбекжай-бақшасы);

9. «Шеберхана жұмыстары арқылы кәсіби құзыреттілікті дамыту» (Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі).

Шара аясында қатысушылар Тараз қаласы мен Жамбыл ауданындағы балабақшалар жұмысын көріп, 9 тәжірибелік алаңда оқытудағы озық тәсілдерді саралады. «Ойын арқылы оқыту» қағидаты негізінде ұйымдастырылған пікірталастарда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары мен тиімді технологиялар кеңінен талқыланды.

Айта кетейік, Жамбыл облысының мектепке дейінгі білім беру саласында 220 ұлттық дамытушы ойыншыққа авторлық құқық берілген.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның барысында мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық және экологиялық бағыттағы ойындарды IT технологияларымен ұштастыра отырып қолдану жолдары, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ұлттық мазмұндағы дамытушы ойындар мен ойыншықтардың маңыздылығы, олардың тіл байлығын арттыруға, қозғалыс белсенділігін дамытуға және ұлттық тәрбие беруге қосатын үлесі кеңінен талқыланып, балалардың физикалық, зияткерлік және шығармашылық дамуына ықпал ететін кеңістік ретінде балабақшадағы жылыжай аумағында жүргізіліп жатқан жұмыстар, мектепке дейінгі білім беру жүйесіне STEAM технологиясын енгізудің тиімді жолдары, заманауи технологияларды қолдану арқылы ұлттық ойындарды жаңғырту тәсілдері, балаларға өрт қауіпсіздігі негіздері мен төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелері көрсетіліп, табиғи ингредиенттерден сабын дайындау процесімен таныстырылды. Балалардың өз бетінше әрекет ету қабілеттерін арттыруға бағытталған орта қалыптастыру жолдары көрсетіліп, ата-аналар мен педагогтерге арналған мобильді кеңес беру қызметі ұйымдастырылып, ұлттық ойындарды тәрбие үдерісіне енгізу бойынша әдістемелік көмек ұсынылды.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның екінші бөлімі пленарлық мәжілісі облыстық «Достық үйінде» жалғасып, Жамбыл облысында мектепке дейінгі ұйым педагогтері қолға алған ерекше бастама – «Ұлттық дамытушы ойындар керуені» көрмесі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Көрменің басты мақсаты – балалардың танымдық қабілетін арттыруға арналған, ұлттық сипаттағы ойындар мен ойыншықтарды кеңінен насихаттау.

Шара барысында балабақша тәрбиешілері өздері әзірлеген, қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін қамтитын түрлі дамытушы ойын түрлерін ұсынды. Әрбір ойын баланың логикалық ойлауына, сөйлеу қабілетіне және шығармашылығына оң әсер етуге бағытталған.

Көрме педагогтердің кәсіби шеберлігі мен тың идеяларының тоғысқан алаңына айналды. Мұндай жобалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын байытып, жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіруге жол ашады.

Тараз қалалық мектепке дейінгі ұйымдардың (*№6 бөбекжай-бақшасы*) бүлдіршіндері музыкалық шашу шашты.

Пленарлық мәжілістің алғы сөзін ҚР ОАМ Мектепке дейінгі білім беру департаментінің бас сарапшысы Л.А.Барон ашып берді. Әрі қарай Жамбыл облысы Білім басқармасының басшысы Н.Ә.Оршыбеков сөз алып, облыс бойынша мектепке дейінгі білім берудегі жобалар жұмысына жалпы шолу жасап өтті. Шара барысында спикерлер М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры Р.Қ.Керімбаева, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Н.Б.Есенова, Ш.Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университетінің техника ғылымдарының кандидаты К.С.Таукебаева өздерінің құнды баяндамаларымен бөлісіп тәжірибе алмасты. Олар ғылыми тұрғыдан осы жұмыстың өзектілігін және енгізу қажеттілігін негіздеді.

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияны қорытындылау үшін ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының директоры М.Н.Ермановаға беріліп, ғылыми-тәжірибелік конференция аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқытудың мазмұнына мән беру, мектепке дейінгі білім берудегі сапаны жақсартуға ықпал ететін басым жобаларға тоқталып өтті. Ғылыми-тәжірибелік конференцияны қорытындылай келе қатысушылар өз ойларын айтып, ұсыныстар тыңдалды.